

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 тамыздағы N 1219 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 107 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1253 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 1253 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алтын белгі" белгісі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 тамыздағы N 1219 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 41, 374-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Алтын белгі" белгісі туралы ережеде:
5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. "Алтын белгі" белгісімен марапатталған оқушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім беру гранттарын (гранттар болмаған жағдайда кредиттерді) алуға басым құқығы бар.";

6-тармақтың 2) тармақшасындағы "қабылдау емтиханын тапсырмастан" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Алтын белгі" белгісінің сипаттамасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 4 ақпандағы
N 107 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 23 тамыздағы

№ 1219 қаулысымен

бекітілген

"Алтын белгі" белгісінің сипаттамасы

"Алтын белгі" белгісінің диаметрі 30 мм шеңбер болады, Л-80 мыс және мырыш металдарының арнайы қорытпасынан дайындалады.

Белгінің бет жағында астынан лавр бұтағымен көмкерілген ашық кітап бейнеленген. Осы бейненің үстіңгі жағында "Алтын белгі" деген алтынмен жазылған жазу шығыңқырап тұрады. "Алтын белгі" жазба контуры, ашық кітап және лавр бұтағының бейнелері бедер түрінде 1 мм алға шығыңқырап тұрады.

Белгінің артқы жағында "Қазақстан Республикасы" деген жазумен көмкерілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК